

**М.Н. Абишева** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан  
e-mail: abisheva.meruertkz@mail.ru

## САҚТАНДЫРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР

Бұл мақала нарықтық қатынастардың трансформациясы және интеграциялық үдерістер жағдайында сақтандыру құқығының даму перспективаларын зерттеуге арналған. Ғылыми зерттеудің мақсаты – халықаралық интеграция жағдайында қазіргі нарықтық қатынастардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, сақтандыру құқығының негізгі даму бағыттарын айқындау.

Мақалада сақтандыру құқығының кешенді құқық саласы ретінде қалыптасып жатқандығы туралы жазылған. Оның дәлелі ретінде автор сақтандыру құқығын кешенді құқық саласы ретінде сипаттауға мүмкіндік беретін белгілерге тоқталады. Сонымен қатар мақалада сақтандыру қатынастарында орын алатын диспозитивтік және императивтік әдістердің қолданылу ерекшеліктері айқын көрсетілген. Зерттеудің өзектілігі – сақтандыру құқығының даму перспективаларын қазіргі нарықтық қатынастардың трансформациясы және халықаралық интеграциялық үдерістер жағдайында қайта пайымдау. Теориялық қағидалар мен қолданыстағы сақтандыру заңнамасы жүйесіне кешенді талдау жүргізу арқылы Қазақстан Республикасының құқық жүйесіндегі сақтандыру құқығын одан әрі дамытудың басым бағыттары айқындалды. Одан бөлек, автор сақтандыру құқығы теориясының мәселелерін қарастырған әртүрлі ғалымдардың, оның ішінде посткеңестік кеңістіктегі құқықтанушы-ғалымдардың пікірлері мен тұжырымдамаларына жан-жақты зерттеу жүргізді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы алынған нәтижелерді сақтандыру құқығы саласындағы болашақ ғылыми ізденістерге пайдалану мүмкіндігімен айқындалады. Практикалық маңыздылығы сақтандыру құқықтық қатынастары саласындағы зерттеу бағыттарын жүйелеу және сақтандыру құқығының теориялық ережелерін жетілдіру болып табылады.

**Түйін сөздер:** халықаралық интеграция, сақтандыру заңнамасы, сақтандыру қатынастары, сақтандыру құқығы, сақтандыру қызметі, сақтандыру құқығының пәні, сақтандыру шарты.

M.N. Abisheva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: abisheva.meruertkz@mail.ru

### The legal nature of insurance and integration processes in the international arena

This article is devoted to the study of the prospects for the development of insurance law in the context of the transformation of market relations and integration processes. The purpose of the scientific research is to determine the main directions for the development of insurance law, taking into account the specific features of the development of modern market relations in the context of international integration.

The article substantiates the proposition that insurance law is currently in the process of formation as a complex branch of law. To support this position, the author analyzes the characteristics that allow insurance law to be considered a complex branch of law. In addition, the paper clearly demonstrates the specific features of the application of dispositive and imperative methods of legal regulation in insurance legal relations. The relevance of the scientific research lies in the need to reconsider the prospects for the development of insurance law in the context of the transformation of modern market relations and international integration processes. Based on a comprehensive analysis of theoretical provisions and the system of current insurance legislation, priority directions for the further development of insurance law within the legal system of the Republic of Kazakhstan have been identified. Furthermore, the author conducts a comprehensive analysis of the views and concepts of various scholars, including legal scholars from the post-Soviet space who have studied the problems of the theory of insurance law.

The theoretical significance of the study lies in the possibility of using the obtained results in further scientific research in the field of insurance law. The practical significance consists in the systematization

of research directions in the sphere of insurance legal relations and in the improvement of the theoretical provisions of insurance law.

**Keywords:** international integration, insurance legislation, insurance relations, insurance law, insurance activity, subject of insurance law, insurance contract.

М.Н. Абишева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан  
e-mail: abisheva.meruertkz@mail.ru

### Правовая природа страхования и интеграционные процессы в международном пространстве

Данная статья посвящена исследованию перспектив развития страхового права в условиях трансформации рыночных отношений и интеграционных процессов. Цель научного исследования – определить основные направления развития страхового права с учётом особенностей развития современных рыночных отношений в условиях международной интеграции.

В статье обосновывается положение о том, что страховое право находится в процессе формирования как комплексная отрасль права. В качестве обоснования автор анализирует признаки, позволяющие характеризовать страховое право как комплексную отрасль права. Кроме того, в работе чётко показаны особенности применения диспозитивного и императивного методов правового регулирования в страховых правоотношениях. Актуальность исследования заключается в необходимости переосмысления перспектив развития страхового права в условиях трансформации современных рыночных отношений и международных интеграционных процессов. На основе комплексного анализа теоретических положений и системы действующего страхового законодательства определены приоритетные направления дальнейшего развития страхового права в правовой системе Республики Казахстан. Помимо этого, автор проводит всесторонний анализ взглядов и концепций различных учёных, в том числе учёных-правоведов постсоветского пространства, исследовавших проблемы теории страхового права.

Теоретическая значимость исследования определяется возможностью использования полученных результатов в дальнейших научных исследованиях в области страхового права. Практическая значимость заключается в систематизации направлений научных исследований в сфере страховых правоотношений и совершенствовании теоретических положений страхового права.

**Ключевые слова:** международная интеграция, страховое законодательство, страховые отношения, страховое право, страховая деятельность, предмет страхового права, договор страхования.

### Кіріспе

Сақтандыру механизмі азаматтардың, кәсіпкерлік субъектілерінің және мемлекеттің мүліктік мүдделерін қорғауға бағытталған маңызды құрал болып табылады. Ол қоғамдық өндіріс процесінде туындайтын тәуекелдердің салдарын азайтуға, әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға және экономикалық қатынастардың тұрақты дамуына ықпал етеді. Осыған байланысты сақтандыру саласындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу мәселелері өзекті бағыттардың біріне айналып отыр. Сақтандыру құқықтық қатынастарының күрделілігі мен көпқырлылығы оларды реттейтін құқықтық нормалардың жүйелі түрде зерттелуін және ғылыми тұрғыдан негізделуін талап етеді.

Сақтандыру құқығының теориялық мәселелерін әзірлеу бағытында белгілі бір нәтижелерге қол жеткізілді. Атап айтқанда, сақтандыру құқығының жекелеген теориялық аспектілеріне

арналған монографиялық зерттеулер жарияланып, сақтандыру құқығы қағидаттарының мазмұнын ашуға бағытталған диссертациялық еңбектер қорғалды. Сонымен қатар сақтандыру құқығы институттарының құқықтық табиғаты мен ерекшеліктері айқындалып, оларды жетілдірудің ғылыми негізделген бағыттары ұсынылды. Бұл зерттеулер сақтандыру құқықтық қатынастарының мазмұнын тереңірек түсінуге және сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің негізгі тетіктерін айқындауға мүмкіндік берді.

Ғылыми әдебиеттерде сақтандыру құқығының құқық жүйесіндегі орны мен құқықтық табиғаты туралы түрлі көзқарастар қалыптасқан. Кейбір ғалымдар сақтандыру құқығын азаматтық құқықтың құрамдас бөлігі ретінде қарастырса, ал басқа зерттеушілер оны кешенді құқық саласы ретінде қарастыру қажеттігін негіздейді. Бұл мәселеге қатысты ғылыми пікірталастар сақтандыру құқығының құқық жүйесіндегі орны мен оның құқықтық реттеу

пәнінің ерекшеліктерін тереңірек зерттеуді талап етеді.

Сонымен қатар заң шығарушы тарапынан сақтандыру заңнамасын жетілдіруге бағытталған бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл өзгерістер сақтандыру нарығының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге, сақтандыру қызметінің ашықтығы мен сенімділігін арттыруға, сондай-ақ сақтандыру қатынастарына қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды күшейтуге бағытталды. Сақтандыру саласындағы заңнамалық реттеудің жетілдірілуі сақтандыру институтының құқықтық негіздерін нығайтуға және оның құқықтық жүйедегі орнын айқындауға ықпал етті. Сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу тетіктерін жетілдіру сақтандыру қызметінің тиімділігін арттыруға және сақтандыру қатынастарының тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Одан бөлек, жаһандану, қаржы интеграциясы, цифрландыру және климаттық қауіптілік секілді факторлар сақтандыру нарығын әртараптандырғанымен, реттеу мен қадағалауды халықаралық үйлестіру қажеттілігін туындатады. Сақтандыруды қадағалау жөніндегі халықаралық қауымдастық (IAIS) сияқты ұйымдар жалпыға ортақ стандарттарды (Insurance Core Principles) әзірлеген. Олар бүкіл әлемде жоғары сапалы қадағалауды қамтамасыз етуге бағытталған (<https://www.iais.org/>). Мақалада сақтандыруды заңнамалық реттеудің халықаралық аспектілері жан-жақты қарастырылып, әртүрлі юрисдикциялардың тәжірибесі салыстырылады. Біз Еуропа, АҚШ, Қытай, Қазақстан және қажетті жағдайда басқа елдердегі заңнамалық негіздерді, реттеу үлгілерін, трансшекаралық сақтандыруды, лицензиялау мен капитал талаптарын, тұтынушылар құқығын қорғау тетіктерін, анти-ЖММ/КНБ шараларын, цифрлық технологиялар мен InsurTech-ті, сонымен қатар сот практикасы мен дауларды шешу процестерін талдаймыз.

Бұл зерттеу халықаралық ұйымдардың стандарттары (IAIS ICP/ComFrame, OECD ұсынымдары), елдік нормативтік-құқықтық актілері (директивалар, заңдар, регуляторлық нұсқаулықтар) және салалық ғылыми әдебиет негізінде жүргізілді. Әдеби шолу барысында сақтандыруды реттеудің түрлі көзқарастары мен тәжірибелері, сондай-ақ соңғы өзгерістер мен реформалар ескерілді. Мақала нәтижесі ретінде қазіргі заманғы эволюция мен салыстырмалы талдау негізінде сақтандыру реттеуі жүйесіне өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар жасалды.

## Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу материалдары ретінде Қазақстан Республикасының сақтандыру саласын реттейтін нормативтік-құқықтық актілері, халықаралық құқықтық құжаттар, сақтандыру құқығы мәселелеріне арналған отандық және шетелдік ғылыми еңбектер, сондай-ақ сақтандыру қатынастарының құқықтық реттелуіне қатысты практикалық материалдар пайдаланылды.

Зерттеу барысында құқық ғылымында кеңінен қолданылатын ғылыми әдістер кешені пайдаланылды. Атап айтқанда, салыстырмалы-құқықтық әдіс сақтандыру құқығын тұтас жүйе ретінде қарастыруға, оның пәнін, құқықтық реттеу әдістері мен қағидаттарын жан-жақты талдауға мүмкіндік берді.

Нормативтік салыстыру әдісі сақтандыру құқығы нормаларының мазмұнын талдауға және оның Қазақстан Республикасының құқық жүйесіндегі орнын анықтауға мүмкіндік берді.

Проблемалық салыстыру әдісі қазіргі заманғы сақтандыру құқығы теориясындағы өзекті мәселелерді айқындап, оларды жүйелеуге жағдай жасады.

Сонымен қатар нақты-әлеуметтанулық әдіс сақтандыру қатынастарын реттейтін нормативтік-құқықтық базаны, ғылыми және практикалық материалдарды жинақтауға, өңдеуге және талдауға мүмкіндік берді.

## Талқылаулар мен нәтижелер

Сақтандырудың құқықтық табиғаты күрмеуі қалың, өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Осы мәселе посткеңестік елдердегі құқықтанушы-ғалымдардың назарынан тыс қалған емес. Одан бөлек, сақтандыру құқығы мәселелері әртүрлі елдердің ғалымдары тарапынан кеңінен зерттеліп, құқық ғылымының дамуына елеулі үлес қосылды. Аталған мәселелерді зерттеген ғалымдардың қатарына В.Ю. Абрамов, С.В. Поленина, В.К. Райхер, К.А. Граве, Ю.Б. Фогельсон, Е.А. Суханов, О.С. Иоффе, М.И. Брагинский, В.В. Витрянский және басқа да ғалымдарды жатқызуға болады. Қазақстандық ғалымдар да сақтандыру құқығының әртүрлі аспектілеріне назар аударып, негізінен оның мәнін, сақтандыру қызметінің құқықтық табиғатын айқындауға, сондай-ақ сақтандыру қатынастарын құқықтық реттеудің өзекті мәселелерін талдауға бағытталған зерттеулер жүргізді. Бұл бағыттағы еңбектер қатарында

С.М. Найманбаев, А.И. Худяков, Н.Б. Мухитдинов, Б.У. Сман, М.Г. Алимжанова және басқа да ғалымдардың зерттеулерін атауға болады.

Кеңестік құқық ғылымындағы сақтандыру мәселелерін зерттеген ғалымдардың бірі К.А. Граве, сақтандыру қатынастарын азаматтық құқықтың міндеттемелік қатынастарының ерекше түрі ретінде қарастырып, сақтандыру шартын сақтандыру құқықтық қатынастарының негізгі құқықтық нысаны деп сипаттайды (Граве, 1960).

Ресейлік ғалымдардың осы көзқарасын қазақстандық зерттеуші Б.У. Сман да қолдайды. Ол Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің нормаларымен сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы сақтандыру шарты негізінде туындайтын қатынастар реттелетінін алға тарта отырып, сақтандыру құқығын азаматтық құқық институты ретінде қарастыруға болады деген тұжырым жасайды (Сман, 2006).

Сақтандыру құқығын қаржы құқығының институты ретінде қарастыратын ғалымдар да бар. Олар сақтандыру құқығы пәнінің құрамында әкімшілік-құқықтық элементтердің бар екенін атап көрсетеді. Бұл ұстаным қазақстандық заң ғылымының өкілі, заң ғылымдарының докторы, профессор А.И. Худяковтың еңбектерінде айқын көрініс тапқан. Ол сақтандыру құқығының құқық жүйесіндегі орнын айқындаудағы цивилистік көзқарасты талдай отырып, мұндай ұстаным тек материалдық сақтандыру қатынастарына қатысты ғана дұрыс деп есептейді. Ғалымның пікірінше, сақтандыру құқығымен реттелетін қатынастар тек «нақты сақтандыру» қатынастарымен шектелмейді, оған ұйымдастырушылық сақтандыру қатынастары да жатады. Бұл қатынастар «сақтандыру ісін» құрайды және билік пен бағыныштылық сипатындағы қатынастар ретінде көрініс табады. Осыған байланысты, профессордың пайымдауынша, сақтандыру құқығын тек азаматтық құқық институты ретінде қарастыру негізсіз (Худяков, 2010).

Сақтандыру құқығын қаржы құқығының институты ретінде тануды қолдайтын ғалымдар қатарында В.Ю. Абрамовты жатқызуға болады. В.Ю. Абрамов сақтандыру қызметінің құқықтық табиғатын зерттей отырып, оны экономикалық және құқықтық элементтердің өзара байланысқан жүйесі ретінде қарастырады. Ғалымның пікірінше, сақтандыру қатынастарының ерекшелігі олардың тек азаматтық-құқықтық нормалармен шектелмей, сонымен қатар қаржылық және әкімшілік құқық нормаларымен де ретте-

луінде көрінеді. Бұл сақтандыру қызметінің күрделі әрі көпқырлы сипатқа ие екенін көрсетеді. В.Ю. Абрамов сақтандыру қызметінің тиімді жұмыс істеуі үшін құқықтық реттеудің кешенді жүйесі қажет екенін атап өтеді, өйткені сақтандыру нарығы мемлекет тарапынан бақылауды, лицензиялауды және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ететін құқықтық механизмдерді талап етеді. Сонымен қатар, ғалым сақтандыру қатынастарының негізін сақтандыру шарты құрайтынын және осы шарт арқылы сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы құқықтар мен міндеттер айқындалатынын көрсетеді (Абрамов, 2007).

Біздің ойымызша, В.Ю. Абрамовтың бұл тұжырымы сақтандыру қатынастарының құқықтық табиғатын терең түсінуге мүмкіндік береді. Шынында да, қазіргі жағдайда сақтандыру қызметі тек азаматтық-құқықтық қатынастар шеңберінде ғана емес, сонымен қатар қаржы нарығын реттеу, мемлекеттік бақылау және халықаралық сақтандыру тәжірибесімен тығыз байланысты. Сондықтан сақтандыру қатынастарын құқықтық реттеу кешенді сипатқа ие болуы тиіс және әртүрлі құқық салаларының нормаларын қамтуы қажет.

Сақтандыру құқығын азаматтық құқық институты ретінде қарастыратын ғалымдардың көзқарасын сынға ала отырып, қазақстандық зерттеуші М.Г. Алимжанова өзінің диссертациялық еңбегінде былай деп жазады: «Бұл ұстанымды қолдаушылар сақтандыру құқығының ажырамас бөлігі болып табылатын, өзінің табиғаты жағынан азаматтық құқық институттарына жатқызуға болмайтын нормаларды елемейді. Өйткені мұндай нормалар әкімшілік (біржақты биліктік) сипатқа ие және сақтандыру ұйымдарының қызметіне тиімді мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етуге бағытталған» (Алимжанова, 2013).

Қазақстандық ғалым С.М. Найманбаев сақтандыру қатынастарын азаматтық құқықтың ерекше институты ретінде қарастырады. Оның пікірінше, сақтандырудың негізгі мақсаты – күтпеген жағдайлар туындаған кезде тұлғалардың мүлкіктік мүдделерін қорғау және келтірілген зиянның орнын толтыру болып табылады. Ғалым сақтандырудың құқықтық табиғатын ашуда сақтандыру шартының маңызды рөл атқаратынын атап өтеді (Найманбаев, 2007).

Біздің ойымызша, С.М. Найманбаевтың бұл көзқарасы сақтандыру құқығының мәнін толық ашуға мүмкіндік береді. Себебі сақтандыру шар-

ты сақтандыру қатынастарының негізгі құқықтық негізі болып табылады және дәл осы шарт арқылы сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы құқықтар мен міндеттер айқындалады.

Біріншіден. Қазіргі кезеңде сақтандыру құқығы кешенді құқық саласына тән белгілерге ие, атап айтқанда:

1) басқа құқық салаларының пәнінен ерекшеленетін өзіндік құқықтық реттеу пәніне ие. Ол мыналарды қамтиды: сақтандырушы мен сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) арасында туындайтын қоғамдық қатынастар; сақтандыру қызметін жүзеге асыруға байланысты сақтандыру ұйымдары, сақтандыру делдалдары, сақтандыруды қадағалау органдары және өзге де мемлекеттік органдар арасында қалыптасатын қоғамдық қатынастар; сондай-ақ сақтандыру резервтерін қалыптастыру және пайдалану, сақтандыру сыйлықақыларын алу және сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру мәселелері бойынша сақтандыру ұйымдары, қадағалау және салық органдары арасындағы қоғамдық қатынастар;

2) сақтандыру қатынастарында құқықтық реттеудің әдістері қолданылады. Бұл әдіс диспозитивтік және императивтік нормалардың үйлесімді ұштасуынан көрініс табады. Мұндай үйлесім сақтандыру құқығына ғана тән;

3) қаржылық және азаматтық құқық салаларына жататын заңдар мен заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің тұтас кешенін қамтитын дербес заңнамалық базаға ие.

Аталған белгілер сақтандыру қатынастарының қазіргі даму кезеңінде сақтандыру құқығын кешенді құқық саласы ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Қазақстандық ғалым К.С. Мауленов құқықтық реттеу мәселелерін зерттей отырып, қаржы нарығы институттарының, соның ішінде сақтандыру жүйесінің құқықтық маңызын атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, сақтандыру қызметі экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ететін маңызды құралдардың бірі болып табылады. Сондықтан сақтандыру қатынастарын құқықтық реттеу мемлекет тарапынан тиімді бақылауды және құқықтық механизмдердің тұрақты дамуын талап етеді (Мауленов 2008).

Біздің пікірімізше, К.С. Мауленовтың бұл көзқарасы қазіргі кезеңдегі сақтандыру жүйесінің даму ерекшеліктерін көрсетеді. Өйткені сақтандыру қызметі тек азаматтық-құқықтық қатынастар шеңберінде ғана емес, сонымен қатар қаржы нарығының тұрақтылығын қамтамасыз

ететін маңызды экономикалық институт ретінде де қарастырылады.

Сақтандыру құқығы нормаларының дамуы экономикалық интеграцияға қатысушы мемлекеттердің құқықтық жүйелеріндегі ұқсас үрдістермен сабақтас сипатта жүзеге асуда. Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) мүше болуы ұлттық сақтандыру заңнамасын интеграциялық бірлестікке қатысушы елдердің заңнамасымен үйлестіру қажеттілігін туындатады. Интеграциялық үдерістер мұндай бірлестік шеңберіндегі құқықтық қатынастардың мазмұнын трансформациялауға тікелей ықпал етеді. Осыған байланысты ЕАЭО аясында дамып жатқан сақтандыру қатынастарына қызмет көрсету мақсатында сақтандыру құқығы да белгілі бір өзгерістерге ұшырауда.

Зерттеудің негізгі мәселесін айқындау үшін құқық жүйесіне қатысты теориялық тұжырымдамаларға жүгініп, құқық нормаларының жиынтығын құқық саласына, қосалқы салаға немесе құқық институтына жатқызудың критерийлерін қарастыру қажет.

Әсіресе мемлекеттердің аймақтық интеграциялық бірлестіктер аясындағы өзара ынтымақтастығы сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің жаңа бағыттарын қалыптастыруды талап етеді. Мұндай жағдайларда ұлттық құқықтық жүйелердің өзара ықпалдасуы, құқықтық нормалардың үйлесімділігі және сақтандыру қызметінің бірыңғай қағидаттарын қалыптастыру мәселелері ерекше маңызға ие болады. Осыған байланысты сақтандыру құқығы саласындағы ғылыми зерттеулер халықаралық құқықтық тәжірибені, сондай-ақ интеграциялық процестердің ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілуі тиіс.

Сақтандыру құқығы саласында, әсіресе сақтандыру қызметін құқықтық реттеу бағытында жаңа ғылыми зерттеулер жүргізу объективті қажеттілікке айналып отыр. Мұндай зерттеулер қазіргі интеграциялық үдерістер мен экономикалық ықпалдасу жағдайларын ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс. Әсіресе Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі мемлекеттердің құқықтық жүйелерінің өзара ықпалдасуы сақтандыру қатынастарын құқықтық реттеудің жаңа модельдерін қалыптастыруды талап етеді. Сонымен қатар сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің тиімді механизмдерін анықтау, сақтандыру нарығының тұрақты дамуын қамтамасыз етудің маңызды алғышарттарының бірі болып табылады.

Осы тұрғыда Н.А. Ковалевскаяның сақтандыру құқығы пәніне қатысты жинақталған ұстанымын келтіруге болады. Олар сақтандыру құқығының пәнін мынадай құрылымда сипаттайды:

1. сақтандыру шартын жасасу, оның қолданылуы және орындалуы негізінде туындайтын сақтандырушы мен сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) арасындағы азаматтық-құқықтық қатынастар;

2. сақтандыру қызметін жүзеге асыруға байланысты сақтандыру ұйымдары, сақтандыру делдалдары, сақтандыруды қадағалау органдары және өзге де мемлекеттік органдар арасында туындайтын әкімшілік-құқықтық қатынастар;

3. сақтандыру резервтерін қалыптастыру және пайдалану, сақтандыру сыйлықақыларын алу және сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру мәселелері бойынша сақтандыру ұйымдары, сақтандыруды қадағалау және салық органдары арасында қалыптасатын қаржылық-құқықтық қатынастар (Ковалевская, 2000). Аталған көзқарас сақтандыру қатынастарының мәнін сақтандыру құқығының пәні ретінде барынша толық ашып көрсетеді деп пайымдаймыз.

Екінші критерий – құқықтық реттеу әдісі болып табылады. Құқықтық реттеу әдісіне қатысты мынадай түсініктеме беруге болады. Құқық теориясында қоғамдық қатынастарды реттеудің екі негізгі әдісі ажыратылады: императивтік және диспозитивтік.

Императивтік әдіс, әдетте, жария құқық салаларына тән және қатысушылардың теңсіздігімен сипатталады. Бұл әдісте тараптардың мінез-құлқы қатаң құқықтық нормалармен белгіленеді. Ал диспозитивтік немесе шарттық әдіс жеке құқық салаларына тән болып келеді. Ол тараптардың теңдігіне және олардың еркін ерік білдіруіне негізделеді.

Профессор Н.Б. Мухитдиновтың пікірінше, құқықтық реттеу әдісі құқықтық реттеу пәнінен туындайды. Өйткені құқық нақты (экономикалық) қатынастарға қатысты қондырмалық сипатқа ие. Осыған байланысты құқықтық реттеу әдісі құқық нормаларын жүйелеуде дербес критерий бола алмайды. Себебі ол реттеу пәнінен туынды сипатта болады. Қоғамдық қатынастар құқықтық реттеу пәні ретінде әдіске тәуелді емес, керісінше, құқықтық реттеу әдісі сол қатынастардың табиғатымен айқындалады.

Әкімшілік және азаматтық құқықта императивтік және диспозитивтік реттеу қағидаттары айқын көрініс табады. Ал қаржы, экологиялық,

жер және өзге де құқық салаларында бұл қағидаттар күрделі үйлесімде көрініс береді, яғни қоғамдық қатынастардың ерекшелігі мен қоғамдық дамудың кезеңдеріне байланысты әртүрлі арақатынаста қолданылады.

Біз Н.Б. Мухитдиновтың құқықтық реттеу әдісіне қатысты тұжырымымен келісеміз. Ғалым құқық теориясында жалпыға танылған көзқарасты атап көрсетеді: субъективтік құқықтар мен міндеттердің сипатына қарай реттеуші нормалар үш түрге бөлінеді:

- міндеттеуші нормалар (белгілі бір оң әрекеттерді жасау міндетін жүктейтін);

- тыйым салушы нормалар (белгілі бір әрекеттерден тартынуды талап ететін);

- құқық беруші нормалар (оң мазмұндағы субъективтік құқықтарды бекітетін).

Бұл бөлініс құқықтық ықпал ету тәсілдерімен тығыз байланысты, яғни міндеттеу, тыйым салу және рұқсат беру арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан құқықтың барлық салаларында осы нормалардың түрлері кездеседі (Мухитдинов, 1983).

Енді сақтандыру қатынастарын реттеуде қандай нормалар қолданылатынын қарастырайық. Құқықтық реттеу әдісі қоғамдық қатынастардың сипатына тәуелді болғандықтан, сақтандыру құқығы пәнін құрайтын қатынастарды талдау өте маңызды.

Сақтандыру шартының жасалуы, қолданылуы және орындалуына байланысты қатынастар диспозитивтік (шарттық) әдіспен реттеледі. Ал сақтандыру қызметін жүзеге асыруға байланысты сақтандыру ұйымдары, сақтандыру делдалдары және сақтандыруды қадағалау органдары арасындағы қатынастар императивтік әдіспен реттеледі. Сондай-ақ сақтандыру резервтерін қалыптастыру және пайдалану, сақтандыру сыйлықақыларын алу және сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру мәселелері бойынша сақтандыру ұйымдары, қадағалау және салық органдары арасындағы қатынастар да императивтік әдіспен реттеледі.

Осылайша, сақтандыру құқығында императивтік және диспозитивтік әдістердің ерекше үйлесімі байқалады. Бұл сақтандыру құқығына тән өзіндік құқықтық реттеу әдісінің бар екенін көрсетеді, әрі онда императивтік нормалардың басымдығы байқалады.

Үшінші критерий – заңнаманың жай-күйі. Егер белгілі біртекті қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнама кодификацияланған болса, онда мұндай құқықтық құрылымды дербес құқық саласы ретінде қарастыруға негіз бар.

Қазіргі уақытта сақтандыру қатынастарының дамуына байланысты Қазақстан Республикасында мынадай заңдар: «Сақтандыру қызметі туралы» (<https://adilet.zan.kz/>), «Өзара сақтандыру туралы» (<https://adilet.zan.kz/>), «Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» (<https://adilet.zan.kz/>), «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» (<https://adilet.zan.kz/>), «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» (<https://adilet.zan.kz/>), «Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» (<https://adilet.zan.kz/>), «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» (<https://adilet.zan.kz/>), сондай-ақ бірқатар заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер бар.

Көріп отырғанымыздай, қазіргі кезде Қазақстанда сақтандыру қатынастарының бүкіл кешенін реттейтін кодификацияланған бірыңғай нормативтік құқықтық акт қабылданбаған.

Сонымен бірге белгілі бір қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнаманың жай-күйі мемлекеттің еркіне байланысты екенін атап өткен жөн. Заңнама жүйесі әрдайым қоғамдық қатынастардың даму үрдісіне бейімделіп отырады. Егер мемлекет сақтандыру қатынастарын кешенді құқықтық реттеуге мүдделі болса, онда сақтандыру заңнамасын кодификациялау бастамасын көтере алады. Бұл – уақыт мәселесі.

Қазақстан экономикасының нарықтық бағытқа көшуі құқықтық реттеуді талап ететін бірқатар жаңа қоғамдық қатынастардың қалыптасуына алып келді. Мұндай қатынастардың дамуы тиісті нормативтік-құқықтық базаны кодификациялау қажеттілігін туындатты. Нәтижесінде Жер кодексі (<https://adilet.zan.kz/>), Кәсіпкерлік кодексі (<https://adilet.zan.kz/5>), Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекс (<https://adilet.zan.kz/>) және басқа да кодификацияланған актілер қабылданды.

Ресейлік ғалым Н.И. Химичева қаржы құқығы саласын зерттей отырып, сақтандыруды мемлекеттің қаржы жүйесінің маңызды элементтерінің бірі ретінде қарастырады. Оның пікірінше, сақтандыру қатынастары қоғамдағы экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ететін және әртүрлі тәуекелдердің салдарын азайтуға бағытталған қаржылық механизм болып табылады. Ғалым сақтандыру қызметі тек азаматтық-

құқықтық қатынастармен ғана шектелмейтінін, сонымен қатар қаржы құқығының нормалары арқылы да реттелетінін атап көрсетеді. Бұл сақтандыру қызметінің қаржы жүйесімен тығыз байланыста екенін көрсетеді (Химичева, 2012).

Біздің ойымызша, Н.И. Химичеваның бұл тұжырымы сақтандыру институтының кешенді құқықтық табиғатын түсінуге мүмкіндік береді. Себебі қазіргі кезеңде сақтандыру жүйесі тек жеке тұлғалардың немесе ұйымдардың мүліктік мүдделерін қорғау құралы ғана емес, сонымен қатар мемлекет экономикасының тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды қаржы институттарының бірі болып табылады.

Жоғарыда баяндалғандармен қатар, сақтандыру құқығының даму перспективаларына интеграциялық үдерістер де елеулі ықпал етеді. Қазақстан Республикасы ЕАЭО-ның қатысушысы бола отырып, ұлттық заңнаманы экономикалық интеграцияның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес трансформациялауда. Қазақстандық зерттеушілер атап өткендей, «еліміздің мемлекетаралық кедендік құқықтық қатынастар субъектісі ретіндегі қызметі тек сыртқы факторлардың (ең алдымен, әлемдік геосаясат, әлемдік нарықтардың динамикасы және халықаралық құқық мәселелерін бейбіт жолмен шешуге ұмтылыс) ықпалымен ғана емес, сондай-ақ ЕАЭО ішіндегі интеграциялық үдерістердің дамуымен де өзгереді» (<https://apa.gov.kz/>).

Қазақстандық авторлардың бұл тұжырымын растай отырып, қазіргі уақытта ЕАЭО шеңберінде қазақстандық сақтандыру заңнамасы интеграцияға мүше мемлекеттердің тиісті заңнамаларымен үйлестірілу үстінде екенін атап өткен жөн. Сақтандыру нарығын реттеуді үйлестіру Халықаралық сақтандыру қадағалаушылары қауымдастығының (IAIS) қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Халықаралық сақтандыру қадағалаушылары қауымдастығы IAIS 1994 жылы құрылған. Ол құрамына 200-ден астам елдің сақтандыруды қадағалау және реттеу органдары кіретін, ерікті мүшелік ұйым болып табылады. Оның үлесіне әлемдік сақтандыру сыйлықақыларының шамамен 97 пайызы тиесілі. Аталған халықаралық ұйым сақтандыру нарықтарын реттеудің бірыңғай стандарттары мен қағидаттарын қалыптастыру мақсатында құрылған (<https://www.iaisweb.org/>). Демек, қазақстандық сақтандыру құқығының әрі қарай дамуына халықаралық сақтандыру құқығының нормалары да ықпал етуде. Қазақстанда 2020 жылдан бастап сақтандыру саласын реттеуді

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі жүзеге асыруда. Аталған Агенттік Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен Ұлттық Банк өкілеттігіне ие орган мәртебесін атқарады. Қазіргі уақытта Қазақстанда сақтандыруды реттеу 2000 жылғы «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына негізделген (<https://adilet.zan.kz>). Соңғы жылдары Қазақстан сақтандыру заңнамасын халықаралық стандарттармен үйлестіруге күш салуда. Мысалы, Агенттік 2026 жылға арналған сақтандыру секторын қадағалау саясатының приоритеттерін жариялап, онда Еуропалық Solvency II талаптарын, IAIS ICP қағидаларын және есеп стандартын енгізу жоспары айтылды. Қазақстанда лицензиялау және капитал талаптары Агенттіктің бақылауында жүзеге асырылып жатыр. Барлық сақтандырушылар лицензия алып, нормативтік капитал деңгейін сақтауға міндетті. Жаһандық трендке сәйкес, Қазақстан қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін міндетті сақтандыру түрлерін кеңейту, сақтандыру резервтерін нығайту және цифрлық трансформацияны енгізу керек. Соның бірі ретінде 2024 жылдың аяғында сақтандыру ұйымдарына клиенттердің шағымдары мен сыйлықақы теңгерімсіздігіне мониторингтік көрсеткіштер енгізілгені хабарланды. Агенттік Сақтандыру секторын қадағалау саясатының 2026 жылға арналған негізгі басымдықтарын әзірледі (<https://www.gov.kz>).

Қазақстанда InsurTech-ті қолдау бастамалары бар. Мысалы, электронды полистер (e-Polis) енгізілген. Сақтандыру өтемдерін онлайн рәсімдеуді кеңейткен. 2024 жылдан бастап міндетті сақтандыру бойынша шағымдарды электронды жолмен қарау енгізілді. Агенттік цифрлық трансформацияны дамыту планында лицензиялау мен бақылауды онлайн жүйелерге көшіруді қарастырды.

Сақтандыру саласында FinTech және InsurTech инновациялары қарқынды дамып келеді. Оларға жасанды интеллект (AI), машиналық оқыту (ML), үлкен деректер (Big Data), блокчейн, мобильді платформалар кіреді. Халықаралық деңгейде IAIS пен басқа ұйымдар цифрлық технологиялардың артықшылықтары мен тәуекелдерін талдап жатыр.

Халықаралық сақтандыру қадағалаушылары қауымдастығының (IAIS) 2025–2029 жылға арналған стратегиялық жоспарына сәйкес FinTech Форумы құрылып, жасанды интеллект саласындағы бақылау тәжірибелері зерттелуде (<https://www.iais.org>).

Еуропадағы заңнамада тұтынушыларды қорғауға ерекше мән беріледі. Мысалы, Insurance Distribution Directive (IDD) сақтандыру өнімдерін тарату кезінде тұтынушылар құқықтарын (ақпаратқа қолжетімділік, әділ кеңес беру міндеті, жанама ақы төлеуге тыйым салу және т.б.) нығайтады. Сол сияқты, Еуропалық Одақта бәсекелестікті қорғау және жеке деректерді сақтау ережелері сақтандыру саласында маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда Еуропалық Одақта сақтандыру ұйымдарының қызметін қадағалау талаптарын бекітетін Solvency II директивасы бар. Ол сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және сақтанушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған (<https://www.europarl.europa.eu>).

АҚШ-та сақтандыру реттеудің тарихи моделі штаттарға бөлінген. Әр штатта өзінің сақтандыру департаменті болады. Олар өз шегінде лицензия беру, тариф бекіту және қадағалау ережелерін белгілейді. Нақтырақ айтқанда, жылжымайтын мүлікті міндетті сақтандыруда штаттар кейде сақтандыру тарифтерін алдын ала бекіте алады. Ал өмірлік сақтандыру мен зейнетақы өнімдерінде тариф еркін белгіленеді. Штаттық реттеудің біріктірілген үлгісін әзірлеу үшін NAIC (National Association of Insurance Commissioners) ұлттық модельдік заң жобаларын әзірлейді. АҚШ-та тәуекелге негізделген капитал талаптары NAIC ұсынған RBC (Risk-Based Capital) формуласы арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, шетелдік сақтандыру ұйымдары АҚШ-та филиал ашу үшін тиісті штатта сақтандырушы ретінде тіркеліп, кепілдік активтерін (trust fund) орналастыруы қажет. IAIS Issues Paper есебінде Canadian Confederation Life компаниясының АҚШ-тағы филиалына лицензия алу және активтерді сенімгерлік шотқа салу туралы осылай жазылған: «Филиалдың жұмыс істеуі үшін кейбір штаттардан лицензия алу қажет. Сондықтан Canadian Confederation Life компаниясы Мичиган штатында сақтандыру міндеттемелерін қолдау үшін активтерді сенімгерлік шотқа салған» (<https://www.europarl.europa.eu>). Соңғы жылдары АҚШ-та заманауи қаржылық тәуекелдерді қадағалау мен тұтынушылар құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған қосымша талаптар енгізілуде.

Ал Қытайда сақтандыру саласын реттеу Қытай банктер мен сақтандыруды реттеу және дамыту комиссиясы (CBIRC) арқылы жүргізіледі. Ол бұрынғы Қытай сақтандыру реттеу комиссиясының функцияларын атқарады. Қытай сақ-

тандыру нарығы соңғы онжылдықта белсенді реформаға ұшырады. 2016 жылдан бастап Қытайда тәуекелге бағдарланған C-ROSS (China Risk Oriented Solvency System) деп аталатын толық қамсыздандыру жүйесі енгізілді. Ол капиталдың сандық талаптары, сапалық регулятивтік талаптар және нарықтық тәртіп атты үш модельге негізделген. Осы модель тәуекел мен капиталды басқаруға ерекше мән береді. Бұл жаңа модель аясында мүлктік және қайта сақтандыру тәуекелдеріне қатысты капитал коэффициенттері бөлінді. 2020 жылдардың басында Қытай C-ROSS жүйесіне өзгерістер енгізе бастады. 2023 жылғы жүйенің жаңартулары шетелдік сақтандырушылар үшін кепілдік капиталының (solvency ratio) жоғары болуын талап етті (<https://www.lloyds.com>). Сондықтан қазақстандық Insurer сияқты шетелдік компаниялар Қытайда жұмыс істеу үшін капиталын көбейтуге мәжбүр болды. Сонымен қатар, Қытайда 2017 жылдан бастап сақтандыру ұйымдарын қадағалау үшін қатаң талаптар енгізілді.

Капитал талаптары бойынша төмендегідей тенденциялар бар. Еуропада Solvency II бойынша кең ауқымды капиталды бағалау формуласы бар. АҚШ-та RBC формуласы статистикалық түрде капитал шегін есептейді. 2024 жылы IAIS әлемде ең ірі сақтандыру топтары үшін жаһандық капитал стандартын бекітті. Қазақстанда 2026 жылғы бастамалар шеңберінде халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (ХҚЕС 17) енгізілетін болады. Бұл сақтандыру міндеттемелерінің бағалуын ретке келтіреді және капиталды есептеуге әсер етеді. Мысалы, жаңа салық кодексіне сәйкес сақтандыру міндеттемесін бағалау тәртібі халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (ХҚЕС 17) талаптарына бейімделеді. Осылайша Қазақстан сақтандырушылары жыл сайын міндеттемелерін автоматты түрде есептеуге дайындықтарын тексермек. Қытайда капитал талаптары да C-ROSS жүйесімен қатаңдатып беріліп, әуелі жоғары капитал қоюды талап етті. Кейін бұл нормалар жеңілдетілді. Fitch есебіне сәйкес 2023 жаңартулары арқасында сақтандыру компанияларының қаржылық жүктемесі азайды.

Ресейде сақтандыру қызметін Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің бақылайды. Ұлыбританияда сақтандыру қызметін реттеу Федералдық басқару органдарына (Financial Conduct Authority, Prudential Regulation Authority) жүктеледі. Басқа дамыған елдерде (Сингапур, Жапония, Австралия және т.б.) де

IAIS стандарттарын ұлттық заңнамада қолдану арқылы реттеу жүйесі жетілдірілген. Халықаралық ұйымдар сақтандыруды шекарааралық реттеу және либерализация бойынша жалпы принциптерді белгілеуді жүзеге асырып жатыр.

Әртүрлі елдердегі сақтандыру реттеу режимдерін жалпы үш модельге: қатаң, нарықтық және гибрид модельдерге бөлуге болады. Қатаң реттеу режимінде реттеуші орган сақтандыру өнімдерінің бағасын, талаптарын және резервтердің есептеуін нақты реттеп, үшінші тұлғалардан қорғаныс шараларын күшейтеді. Мұндай модель көбінесе дамушы елдерде басым орын алады. Нарықтық режимде реттеуші орган шамамен минималды талаптар (капитал мөлшері, лицензия алу тәртібі) қояды, ал нарықтық қатысушыларға бәсекелестік жағдайында икемділік беріледі. Мысалы, АҚШ-та тарифтер мен өнім жағдайларын көбіне нарықтың қатысушылары өздері белгілейді. Ал мемлекеттік бақылау салыстырмалы түрде жеңіл болады. Гибридті модельде реттеуші органдар тәуекел мен тұрақтылықты бақылау үшін аналитикалық (капиталдық, есептеу) талаптарды орнатып, нарықтағы бәсекелестікті жақсартады. Көптеген Еуропа елдері мен Канада секілді дамыған елдерде сақтандыруды реттеу режимі гибридті модель арқылы жүзеге асады. Еуропа елдерінде Solvency II директивасында бекітілген жоғары капитал талаптары қолданылады.

Әрине, нарықтық қайта құрулар мен ЕАЭО аясындағы экономикалық интеграция сақтандыру құқығы нормаларының да, жалпы сақтандыру құқығы жүйесінің де өзгеруіне ықпал етеді. Сақтандыру құқығы біртіндеп қаржы құқығы институты шеңберінен шығып, дербес кешенді құқықтық құрылым ретінде қалыптасу үстінде.

### Қорытынды

Қорытындылай келе, қазіргі кезеңде сақтандыру құқығы жалпы болып жатқан экономикалық, саяси және құқықтық өзгерістерге байланысты елеулі трансформацияға ұшырап отырғанын атап өтуге болады. Нарықтық экономиканың дамуы, қаржы нарықтарының жаһандануы және мемлекеттер арасындағы экономикалық байланыстардың кеңеюі сақтандыру саласын құқықтық реттеудің жаңа тәсілдерін қалыптастыруды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, сақтандыру құқығы тек ұлттық құқықтық жүйенің элементі ретінде ғана емес, сонымен қатар халықаралық құқықтық кеңістікпен

тығыз байланысты құқық саласы ретінде дамып келеді.

Интеграциялық үдерістер, әсіресе Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) қалыптасуы мен дамуы, мүше мемлекеттердің сақтандыру заңнамасының өзгеруіне және жаңаруына тікелей ықпал етуде. Интеграциялық процестер сақтандыру нарықтарының өзара жақындасуына, құқықтық нормалардың бірізденуіне және сақтандыру қызметтерін ұсыну шарттарының үйлестірілуіне мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, сақтандыру нарығының ашықтығын арттырып, бәсекелестіктің дамуына және сақтандыру қызметтерінің сапасының жақсаруына жағдай жасайды.

Қазіргі жағдайда сақтандыру құқығы халықаралық-құқықтық аспектілерге көбірек бағдарланып, ұлттық заңнамаларды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру үрдісімен сипатталады. Халықаралық тәжірибені зерделеу және оны ұлттық құқықтық жүйеге бейімдеу сақтандыру саласының тиімді дамуы үшін маңызды алғышарт болып табылады. Бұл үрдіс сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге, тәуекелдерді тиімді басқаруға және сақтандыру нарығының сенімділігін арттыруға бағытталған.

Сонымен қатар сақтандыруды құқықтық реттеудің халықаралық аспектілерін ескеру ұлт-

тық заңнамаларды жаңартуды және жетілдіруді талап етеді. Әртүрлі мемлекеттердің тәжірибесін салыстыра отырып, сақтандыру секторын реттеудің тиімді модельдері айқындалып, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және тұтынушылардың құқықтарын қорғау бағытындағы құқықтық механизмдер жетілдіріледі. Халықаралық ұйымдар мен институттардың ұсынымдары мен қағидаттары кейбір айырмашылықтарға қарамастан ортақ мақсатқа – сақтандыру полисін ұстаушылардың мүдделерін қорғау, сақтандыру нарығының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету және жалпы қаржы жүйесінің тұрақтылығын нығайтуға бағытталған.

Осыған байланысты, сақтандыру саласын құқықтық реттеуді жетілдіру барысында ұлттық ерекшеліктер мен экономикалық жағдайларды ескере отырып, халықаралық стандарттарды кезең-кезеңімен енгізу маңызды. Болашақта мемлекеттер, реттеуші органдар, сақтандыру ұйымдары және ғылыми қауымдастық арасындағы белсенді диалог пен бірлескен іс-қимыл халықаралық тәжірибені тиімді пайдалануға және оны еліміздің нақты құқықтық және экономикалық жағдайларына бейімдеуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде сақтандыру нарығының тұрақты дамуына, азаматтардың мүдделерін қорғауға және ұлттық қаржы жүйесінің сенімділігін арттыруға ықпал етеді.

#### Әдебиеттер

- Абрамов В.Ю. «Страховое право». – М.: Волтерс Клувер, 2007. – 347 с.
- Алимжанова М.Г. Теоретические и практические проблемы правового регулирования страховой деятельности в Республике Казахстан и Малайзии (в области исламского страхования) // Дисс. доктора философии (PhD) в области юриспруденции. – Алматы, 2013. – 126 с.
- Граве К.А., Лунц Л.А. «Страхование». – М.: Госюриздат, 1960. – 245 с.
- Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы № 435 Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000435>
- Исмаилова Д.Ш., Жугралина Б.М. Правовое обеспечение снижения угроз таможенной безопасности Казахстана – члена ЕАЭС // Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясының ғылыми еңбектері. – 2022. – № 1(70). – С. 45–49. // <https://ara.gov.kz/wp-content/uploads/merged.pdf>
- Қазақстан Республикасының Жер кодексі Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Кодексі // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000442>
- Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375>
- Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі: Сақтандыру секторын қадағалау саясатының 2026 жылға арналған негізгі басымдықтары // <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/press/news/details/1171729>
- Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі № 446 Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000446>
- Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі № 580 Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000580>
- Ковалевская Н.А. Система страхового права и система страхового законодательства // Страховое право. – № 3. – 2000. – С. 10–37.

- Мауленов К.С. Основы международного публичного права. – Алматы: Жеті Жарғы, 2008. – 478 с.
- Міндетті экологиялық сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 желтоқсандағы № 93-III ҚРЗ Заңы // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000093\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000093_)
- Мухитдинов Н.Б. Основы горного права: некоторые важные положения теории и практики. – Алма-Ата: изд-во Избранные труды, 1983. – 248 с.
- Найманбаев С.М. Сақтандыру құқығы: Оқу құралы. Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 448 б.
- Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>
- Өзара сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі № 163 Заңы // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000163\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000163_)
- Сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126 Заңы // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000126\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000126_)
- Сман Б.У. Правовые основы страховой деятельности в Республике Казахстан. – Алматы: Жеті Жарғы, 2006. – 180 б.
- Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі № 444 Заңы // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000444\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000444_)
- Химичева Н.И. Финансовое право: учебник. – М.: Норма, 2012. – 752 с.
- Худяков А.И. Теория страхования. – Москва: изд-во СТАТУТ, 2010. – 326 с.
- Freedom of establishment and freedom to provide services in the EU [Electronic resource]. Mode of access: <https://www.europarl.europa.eu/ftu/pdf>
- Insurance Core Principles and ComFrame [Electronic resource]. Mode of access: <https://www.iais.org/activities-topics/standard-setting/icps-and-co>
- International Association of Insurance Supervisors [Electronic resource]. Mode of access: <https://www.iaisweb.org/>
- Monitoring artificial intelligence developments [Electronic resource]. Mode of access: <https://www.iais.org/activities-topics/digital-innovation>
- Update: China Risk Oriented Solvency System (C-ROSS) [Electronic resource]. Mode of access: <https://www.lloyds.com/market-resources/regulatory-communications/news-articles/update-china-risk-oriented-solvency-system-cross>

#### References

- Abramov, V. Yu. (2007). Strakhovoe pravo [Insurance law]. Volters Kluver.
- Alimzhanova, M. G. (2013). Teoreticheskie i prakticheskie problemy pravovogo regulirovaniya strakhovoy deyatel'nosti v Respublike Kazakhstan i Malayzii (v oblasti islamskogo strakhovaniya) [Theoretical and practical problems of legal regulation of insurance activities in the Republic of Kazakhstan and Malaysia (in the field of Islamic insurance)] (Doctoral dissertation). Almaty.
- European Parliament. (n.d.). Freedom of establishment and freedom to provide services in the EU [Fact sheet]. <https://www.europarl.europa.eu/ftu/pdf>
- Grave, K. A., & Lunts, L. A. (1960). Strakhovanie [Insurance]. Gosyurizdat.
- International Association of Insurance Supervisors. (n.d.). Insurance core principles and ComFrame. <https://www.iais.org/activities-topics/standard-setting/icps-and-co>
- International Association of Insurance Supervisors. (n.d.). International Association of Insurance Supervisors. <https://www.iaisweb.org/>
- International Association of Insurance Supervisors. (n.d.). Monitoring artificial intelligence developments. <https://www.iais.org/activities-topics/digital-innovation>
- Ismailova, D. Sh., & Zhugalina, B. M. (2022). Pravovoe obespechenie snizheniya ugroz tamozhennoy bezopasnosti Kazakhstana – chlena EAES [Legal support for reducing threats to customs security of Kazakhstan – a member of the EAEU]. Qazaqstan Respublikasy IIM Almaty akademiya synyn gylimi enbekteri [Scientific Works of the Almaty Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan], 1(70), 45–49. <https://apa.gov.kz/wp-content/uploads/merged.pdf>
- Khimicheva, N. I. (2012). Finansovoe pravo: uchebnik [Financial law: A textbook]. Norma.
- Khudyakov, A. I. (2010). Teoriya strakhovaniya [Theory of insurance]. Statut.
- Kolik quraldary ielerinin azamattyq-quyqytyq zhauapkershiligin mindetti saqtandyru turaly Qazaqstan Respublikasynyn 2003 zhylygy 1 shildedegi № 446 Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated July 1, 2003 No. 446 “On mandatory insurance of civil liability of vehicle owners”]. (2003). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000446>
- Kovalevskaya, N. A. (2000). Sistema strakhovogo prava i sistema strakhovogo zakonodatel'stva [The system of insurance law and the system of insurance legislation]. Strakhovoe pravo, (3), 10–37.
- Lloyd's. (n.d.). Update: China Risk Oriented Solvency System (C-ROSS). <https://www.lloyds.com/market-resources/regulatory-communications/news-articles/update-china-risk-oriented-solvency-system-cross>
- Maulenov, K. S. (2008). Osnovy mezhdunarodnogo publitsnogo prava [Fundamentals of international public law]. Zheti Zhargy.
- Mindetti ekologiyalyq saqtandyru turaly Qazaqstan Respublikasynyn 2005 zhylygy 13 zheltoqsandagy № 93-III QRZ Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated December 13, 2005 No. 93-III “On mandatory environmental insurance”]. (2005). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000093>
- Mukhitdinov, N. B. (1983). Osnovy gornogo prava: nekotorye vazhnye polozheniya teorii i praktiki [Fundamentals of mining law: Some important provisions of theory and practice]. Izbrannye trudy.

- Naimanbaev, S. M. (2007). Saqtandyru quqygy: Oqu quraly [Insurance law: A textbook]. Zheti Zhargy. Neke (erli-zaiyptylyq) zhane otbasy turaly Qazaqstan Respublikasynyn 2011 zhylygy 26 zheltoqsandagy № 518-IV Kodeksi [Code of the Republic of Kazakhstan dated December 26, 2011 No. 518-IV “On marriage (matrimony) and family”]. (2011). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>
- Ozara saqtandyru turaly Qazaqstan Respublikasynyn 2006 zhylygy 5 shildedegi № 163 Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated July 5, 2006 No. 163 “On mutual insurance”]. (2006). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000163>
- Qazaqstan Respublikasynyn Kasipkerlik kodeksi Qazaqstan Respublikasynyn 2015 zhylygy 29 qazandaghy № 375-V QRZ [Entrepreneurial Code of the Republic of Kazakhstan dated October 29, 2015 No. 375-V]. (2015). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375>
- Qazaqstan Respublikasynyn Qarzhy narygyn retteu zhane damytu agenttigi. (2026). Saqtandyru sektoryn qadaǵalau sayasatynyn 2026 zhylyga arналған negizgi basymdyqtary [Key priorities of insurance sector supervision policy for 2026]. <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/press/news/details/1171729>
- Qazaqstan Respublikasynyn Zher kodeksi Qazaqstan Respublikasynyn 2003 zhylygy 20 mausymdagy № 442 Kodeksi [Land Code of the Republic of Kazakhstan dated June 20, 2003 No. 442]. (2003). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000442>
- Saqtandyru qyzmeti turaly Qazaqstan Respublikasynyn 2000 zhylygy 18 zheltoqsandagy № 126 Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated December 18, 2000 No. 126 “On insurance activities”]. (2000). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000126>
- Sman, B. U. (2006). Pravovye osnovy strakhovoy deyatelnosti v Respublike Kazakhstan [Legal foundations of insurance activity in the Republic of Kazakhstan]. Zheti Zhargy.
- Tasymaldaushynyn zholawshylar aldyndagy azamattyq-quyqytyq zhauapkershiligin mindetti saqtandyru turaly Qazaqstan Respublikasynyn 2003 zhylygy 1 shildedegi № 444 Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated July 1, 2003 No. 444 “On mandatory insurance of the carrier’s civil liability to passengers”]. (2003). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000444>
- Zhekeshe notariustardyn azamattyq-quyqytyq zhauapkershiligin mindetti saqtandyru turaly Qazaqstan Respublikasynyn 2003 zhylygy 11 mausymdagy № 435 Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated June 11, 2003 No. 435 “On mandatory insurance of civil liability of private notaries”]. (2003). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000435>

**Автор туралы мәлімет:**

*Абишева Меруерт Нұрланқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2-курс докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: abisheva.meruertkz@mail.ru).*

**Information about the author:**

*Abisheva Meruert Nurlankyzy – 2nd year doctoral student at Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: abisheva.meruertkz@mail.ru).*

**Сведения об авторе:**

*Абишева Меруерт Нұрланқызы – докторант 2 курса Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: abisheva.meruertkz@mail.ru).*

*Тіркелген: 12.12.2025  
Түзетілген: 9.03.2026  
Қабылданды: 20.03.2026*